

**ФИЛОСОФИЯ
ФИЛОСОФИЯ
PHILOSOPHY**

FTAXP: 02.51.25

<https://orcid.org/0009-0001-1695-7152>

<https://orcid.org/0009-0000-3906-6507>

Спанов М.Ж.*, Оразбек А.

филос. ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент. Қазақстан

магистрант. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент. Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘДЕП ЖҮЙЕСІНІҢ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор-корреспондент: meir_filosof27@mail.ru

Түйін: Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшеліктерін жан-жақты талданып қарастырылды. Салыстырмалы әдіс қазақ әдеп жүйесін басқа этникалық жүйелермен немесе мәдениеттермен салыстыру үшін қолданылады. Бұл қазақ халқының әдеп жүйесінің парадигмасының бірегей ерекшеліктері анықталды. Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасын жан-жақты зерттеу үшін бірнеше әдістерді пайдалануға болады. Бұл әдістер қазақ әдеп жүйесінің қалай қалыптасқанын, оның қалай жұмыс істейтінін және жаһандану үрдісінің әсерінен қандай өзгерістер болып жатқанын тереңірек түсінуге мүмкіндік берілді. Қазақ халқының өмірінде үлкен рөл атқаратын ақсақалдарды құрметтеу, қонақжайлық секілді құндылықтар мен отбасында ежелден сақталған дәстүрлердің рөлін ашып түсіндіреді. Қазіргі таңда урбанизация мен жаһанданудың осы дәстүрлерге қалай әсер ететінін, бірақ құрмет пен қонақжайлық сияқты негізгі құндылықтардың сақталатынын талдайды. Мысалдарды пайдалана отырып, қазақ әдеп жүйесінің ерекшеліктерінің басқа мәдениеттермен өзара әрекеттесуінің нәтижесінде жаңа жағдайларға бейімделуін көрсетеді. Зерттеу әдістеріндесалыстырмалы әдіс қазақ әдеп жүйесін басқа этникалық жүйелермен немесе мәдениеттермен салыстыра отырып қарастырған. Нәтижелер мен талқылауда, қазақтардың ежелден келе жатқан әдеп жүйесінің ерекшеліктерінің қатарына туыстық байланыстарды құрметтеу құндылығы талданған.

Кілт сөздер: әдеп нормалары, тәлім-тәрбие, құндылықтар, қонақжайлық, үлкенге құрмет, салт-дәстүр, сөз әдебі

МРНТИ: 02.51.25

<https://orcid.org/0009-0001-1695-7152>

<https://orcid.org/0009-0000-3906-6507>

Спанов М.Ж.*, Оразбек А.

Кандидат философских наук, доцент. ЮКИУ им.М.Ауэзова, г Шымкент, Республика Казахстан

Магистрант. ЮКИУ им.М.Ауэзова, г Шымкент, Республика Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПАРАДИГМЫ КАЗАХСКОЙ ЭТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ

Автор-корреспондент: meir_filosof27@mail.ru

Аннотация. Особенности парадигмы казахской этической системы были всесторонне проанализированы. Сравнительный метод используется для сопоставления казахской этической системы с другими этническими системами или культурами. Это позволило выявить уникальные особенности парадигмы казахской этики. Для всестороннего исследования парадигмы казахской этической системы можно использовать несколько методов. Эти методы позволяют глубже понять, как сформировалась казахская этическая система, как она функционирует и какие изменения происходят под влиянием процессов глобализации. В статье раскрывается значимость таких ценностей, как уважение к старшим (аксақалдар), гостеприимство и роль традиций, сохранявшихся

в казахской семье из поколения в поколение. Анализируется, как в современное время урбанизация и глобализация влияют на эти традиции, при этом подчеркивается, что базовые ценности, такие как уважение и гостеприимство, продолжают сохраняться. На основе примеров показано, как особенности казахской этической системы адаптируются к новым условиям в результате взаимодействия с другими культурами. В исследовательских методах сравнительный подход использован для рассмотрения казахской этической системы в сопоставлении с другими этническими и культурными системами. В разделе результатов и обсуждений рассматривается уважение к родственным связям как одна из ключевых черт казахской традиционной этической системы.

Ключевые слова: этические нормы, воспитание и наставничество, ценности, гостеприимство, уважение к старшим, обычаи и традиции, речевой этикет

IRSTI: 02.51.25

<https://orcid.org/0009-0001-1695-7152>

<https://orcid.org/0009-0000-3906-6507>

Spanov M.Zh.*, Orazbek A.

candidate of Philosophical Sciences, docent. M.Auezov SKRU.

Shymkent, Kazakhstan

master's student. M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

FEATURES OF THE PARADIGM OF THE KAZAKH ETHICAL SYSTEM

Corresponding-author: meir_filosof27@mail.ru

Abstract: The features of the paradigm of the Kazakh ethical system have been thoroughly analyzed. A comparative method is used to contrast the Kazakh ethical system with other ethnic systems or cultures. This has made it possible to identify the unique characteristics of the Kazakh ethical paradigm. To comprehensively study the paradigm of the Kazakh ethical system, several methods can be applied. These methods provide a deeper understanding of how the Kazakh ethical system was formed, how it functions, and what changes are occurring under the influence of globalization processes. The article highlights the significance of such values as respect for elders (aqsaqaldar), hospitality, and the role of traditions preserved in Kazakh families from generation to generation. It analyzes how urbanization and globalization are affecting these traditions in modern times, while emphasizing that core values such as respect and hospitality continue to be preserved. Theoretical analysis shows that, in accordance with the national philosophy of the Kazakh people, the ethical system fosters a respectful attitude of individuals toward themselves. In terms of research methods, the comparative approach is employed to examine the Kazakh ethical system alongside other ethnic and cultural systems. The section on results and discussion explores respect for kinship ties as one of the key characteristics of the traditional Kazakh ethical system.

Keywords: ethical norms, upbringing and mentorship, values, hospitality, respect for elders, customs and traditions

Kіріспе

Әдеп жүйесі әрбір қоғам үшін маңызды болып саналады. Өйткені, бұл жүйе әлеуметтік тәртіп пен тыныштықты сақтайды, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді, халықтың мәдениетін және дәстүрлерін, рухани құндылықтарын қорғайды. Қазақ әдеп жүйесі - қаншама ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ережелердің жиынтығы. Қазақ әдеп жүйесі әрбір қазақтың мінез-құлқынан, отбасындағы тұрмыс тіршілігінен, ой-санасынан көрініс табады. Біздің әдеп жүйеміз әр ұрпақтың заманында шындалып, тәжірибеден өткізіліп бүгінгі күні жемісін беріп отыр. Ол біздің мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігі болып табылады, ал мәдениет қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрыпы жөнінде хабар береді. Сонымен қатар, сан түрлі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер және дана әңгімелер, аңыздар, билердің шешендік сөздері мен өсиет сөздер, ақындардың өлеңдері қазақ әдеп жүйесін толықтай сипаттайды. Бала

кезден үлкендер әртүрлі әңгімелерді, әдебиеттерді оқыту арқылы қазақтың әдептерін біздің бойымызға сіңіріп, дұрыс жолға баулады.

Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшеліктерін зерттеу қазақ қоғамының ғасырлар бойы сақталып, келесі буынға жеткізілген әдеп нормаларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпта ой қозғаған, зерттеу жүргізген ғалымдар өте көп және олар қазақтың мәдени мұрасына орасан үлестерін қосқан. Абайдың қара сөздерінен бастап, Әл-Фарабидің философиялық, Шоқан Уәлихановтың этнографиялық еңбектерінде әдептік құндылықтар туралы ойлар көрініс табады. Сонымен қатар, С.Қ.Қондыбай, Тұрсынбек Кәкішев және басқа да ғалымдар қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ әдеп жүйесін тереңінен түсінуге мүмкіндік беретін еңбектердің бірі деп айтуға болады. Өйткені, Абай адамгершілік, әділдік, адалдық секілді қасиеттерді жоғары ізгілік ретінде қарастырады.

Этнографиялық еңбектерінде Шоқан Уәлиханов қазақ дәстүрлерінің этикалық аспектілерін қарастырды. Сонымен қатар, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін терең зерттеп, қоғамдағы әдеп жүйесінің қағидаларын талдаған.

Тұрсынбек Кәкішев ұлттық сананы нығайтудағы дәстүрлі қазақ әдеп жүйесінің рөліне назар аударады. Оның еңбектерінде әдеп, тәлім-тәрбие және қоғамдағы жауапкершілік мәселелері қазақ халқының рухани әлемінің негізі ретінде түсіндіріледі. Қазақ халқының философиялық мұрасы бойынша Әбдімәлік Нысанбаев, Зәуре Сарсенбаева «Қазақтың дәстүрлі» этикасы», Тұрсын Ғабитов «Қазақ этикасының қалыптасуы мен даму үдерістері», Қуаныш Әлжан «Қазақ философиясындағы адамның дүниеге этикалық қатынасының ерекшеліктері», Ғалихан Ақмамбетов «Абайдың адамгершілік туралы ілімі», Бәтеш Қазиева «Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті», Сәбетқазы Ақатаев «Көшпелілер мәдениетінің ерекшеліктері», Эльвира Шакенова «Дүниені көркем игеру», Тұрсын Ғабитов «Қазақ этикасының категориялары мен ұстанымдары», Мұрат Ахметов «Кеңестіктің шексіздігі мен шегі: көшпелілер идеялары мен образдары», Әлия Әлжанова «XX ғасырдағы қазақ этикасындағы үдерістер» атты еңбектер қарастырылып жан-жақты талданды.

Зерттеу әдістері Тарихи-философиялық әдіс - бұл әдіс қазақ әдеп жүйесінің негізінде жатқан этикалық принциптер мен идеяларды анықтау үшін философиялық трактаттарды, тарихи дереккөздер мен әдебиеттерді талдайды. Мысалы, А.Құнанбаевтың, Ш. Уәлихановтың және басқа да ойшылдардың еңбектерін қарастыруға болады.

Қазақ әдеп жүйесінде этнографиялық әдіс маңызды рөл атқарады, өйткені ол халықтың нақты тәжірибелері мен күнделікті өмірі арқылы моральдық және әдеп нормаларын зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс құндылықтар мен дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа қалай берілетінін және олардың адамдардың мінез-құлқына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Салыстырмалы әдіс қазақ әдеп жүйесін басқа этникалық жүйелермен немесе мәдениеттермен салыстыру үшін қолданылады. Бұл қазақ халқының әдеп жүйесінің парадигмасының бірегей ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Қазақ әдебі туралы Кошербаев Г. өзінің «Казахская культура и традиции: этикет в повседневной жизни» атты еңбегінде анық көрсеткен. Ғалымның айтуы бойынша, қонақжайлық пен үлкендерге құрмет көрсету, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады және қазақтың құндылықтарын, дәстүрін және дүниетанымын көрсетеді. Ол ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс жағдайында дамып, құрмет, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, табиғатпен біте қайнасып өмір сүру қағидаларына негізделген [4,86].

Бұл әдеп жүйелерінің барлығы қазақ қоғамында бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан әдеп жүйесінің ерекшеліктерінің

қатарына туыстық байланыстарды құрметтеуді жатқызуға болады. Қазақтарда отбасылық-туыстық қатынастарда қатаң иерархия болған. Бұл иерархия ерекше маңызға ие еді, өйткені ол қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениетке сай отбасы мен туыстың арасындағы қарым-қатынасты реттеп отырушы құрал ретінде қалыптасты. Кішілері үлкен туыстарына көмектесіп, олардың нұсқауларын орындауы керек және туыстық қатынаста қара шаңырақтың иесінің рөлі зор еді. Ол отбасының құндылықтарын сақтаушы адам болғандықтан ерекше құрмет көрсетілген.

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны қашан да жоғары бағаланған. Әйел адам жаратылысынан нәзік келеді, сол себепті олардың алдында балағат сөздер айтып, дауыс көтеруге болмайды. Отбасының ұйытқысы болған анаға ерекше құрмет көрсетіледі. Әйелдердің әдеп жүйесіндегі рөліне келер болсақ, әсіресе жас келіндер мінез-құлық ережелерін қатаң сақтаған. Олар ақсақалдардың атын атамай, күйеуінің туыстарына сый-құрмет көрсетуі тиіс. Әйелдің жүріс-тұрысы қарапайым, ұстамды, әсіресе еркектердің алдында ізетті болуы қажет.

«Қазақтардың бойындағы әдептің ең жоғарғы көрінісі - ол қонақжайлық қасиеті. Қазақтар үшін қонақ күту әдептілік пен тәрбиеліліктің ең жоғарғы белгісі. Қонаққа дұрыс құрмет көрсетілмесе, бұл әрбір қазақтың сүйегіне таңба басқандай болатыны сөзсіз» - деп өзінің этнографиялық еңбектерінде Шоқан Уәлиханов қазақ дәстүрлерінің этикалық аспектілерін қарастырды [1,22]. Шоканның еңбектері қазақ мәдениеті туралы білімнің құнды көзі болып қала береді.

Үлкенді сыйлау қағидасы - қазақ мәдениетінің іргелі бөлігі болып табылады. Халық арасында бұл жөнінде мақал-мәтелдер де кеңінен таралған. Балаларға үлкен адамға құрмет танытып, күнделікті өмірде көмек көрсетіп және олардың ақыл-кеңесін тыңдау кішкентай кезінен бастап үйретіледі. Үлкендер олармен сөйлескенде, кішілер әрқашан орындарынан тұрады. Жастар ақсақалмен кездескенде құрмет белгісі ретінде сәл иіліп, қолдарын ұсынады. «Қазақ дәстүрінде үлкенді сыйлау - тәрбиенің тірегі. Бұл тек этикет емес, ұрпақ арасындағы рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды құрал» - деп тұжырымдайды А.С.Сейдімбек [2,78].

Сондай-ақ, кез келген ортада сөйлеу әдебі өте маңызды. Қазақ жаман сөзден аулақ, байыппен, құрметпен сөйлеуге тырысады. Адамды тыңдай білуге ерекше көңіл бөлінеді. Қазақтар сөз мәдениетіне үлкен мән берген. Сөйлеудегі дөрекілік әдепсіздіктің белгісі деп саналды. Үндеу әрқашан құрметті формалармен сүйемелденетін. Жастар үлкендермен сөз таластырмаған, айтысудан мүлде аулақ болған, олармен сөйлескенде жұмсақ сөздерді таңдай білген. «Адамдардың бойындағы әдептің ең жоғарғы белгісі ол сөйлеу әдебі. Ауыздан шығатын әрбір сөз тек жақсы мағынада болуы тиіс. Себебі адамның сөзі оның ішкі жан-дүниесін көрсетеді» - деп Әл-Фараби әдеп жүйесін идеалды қоғамды қалыптастырудың негізі ретінде қарастырады [3,45]. Ол жеке тұлғаны тәрбиелеуде әдеп нормаларының маңыздылығын айтып өтті. Оның тұжырымына сәйкес, әдеп ұғымының ерекшелігін былайша қорытындылауға болады: әдеп жай ғана мінез-құлық емес, әдеп деген ол жақсылыққа, тәрбиелілікке негізделген өмір философиясы.

Қазақтардың әдеп жүйесінің парадигмасы туралы өзге елдің ғалымдары да зерттеу жасаған. Олардың қатарында қазақтардың мәдениетін, тұрмысын, әдет-ғұрпын белсенді түрде зерттеген орыс этнографы және тарихшысы Григорий Потанинді айтып өтуге болады. Ол өз шығармаларында қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің сан алуан қырларын, соның ішінде қазақтар арасындағы әдептілік нормаларды сипаттаған. «Қазақ әйелдерінің ер адамдармен, әсіресе бейтаныс адамдармен қарым-қатынасында қатаң мінез-құлық нормаларын сақтап, үнемі ұстамдылық пен сыйластық танытқаны мені қатты таңқалдырды. Бұл деген қазақтардың бойындағы әдептің жоғарғы деңгейін көрсетеді» - деп Григорий Потанин қазақ қоғамындағы әйелдердің рөлі мен олардың әлеуметтік және отбасылық өмірдегі мінез-құлық ерекшеліктеріне тоқталды [5,97].

Жалпы, қазақ халқы қоғамдағы барлық тірі организмді, табиғатты құрметтеген деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені, қазақ табиғатты тіршілік көзі деп қастерлеген. Суды ластауға, жайылымдарды жоюға немесе жануарларға қатыгездікпен қарауға тыйым салынған, себебі бұл қоршаған әлеммен үйлесімділікті бұзады деп түсінген. «Қазақтардың әдеп жүйесі - тек қана қоғамдық мінез-құлық емес, сонымен қатар бұл табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің, адамзат пен барша әлемнің гармониялық қарым-қатынасының, тепе-теңдігінің белгісі» - деп С.Қ.Қондыбай өз зерттеулерінде әдеп ұғымын ғарышпен және мифологиямен көп байланыстырады [6,32].

Сонымен қатар, қазақтар әрқашан өзара көмек көрсету қағидасымен өмір сүрді. Үйлену тойында, жаназада немесе күнделікті өмірде барша қауым жиналып, бір-біріне әрдайым көмекке келген. Мәселен, бүгінгі күні қолданылатын асар ұғымы ертеден бері келе жатыр. Ауыл тұрғындарының барлығы жиналып үй салуға, құдық қазуға немесе басқа да маңызды жұмыстарды атқаруға ұжым болып көмек көрсетуін асар дейміз. Қазақ халқының әрбір күні мейрамға, қуанышты күндерге толы болған. Қырық күн той деген ұғым мерекені ұзақ әрі ерекше атап өтуін білдіреді. Соған сәйкес, өмірдің маңызды кезеңдерімен байланысты сан түрлі рәсімдер мен отбасылық дәстүрлер де бар. Мәселен, шілдехана, тұсаукесер, құда түсу, тағы сол сияқты. Әрбір рәсім әдептілік ережелерімен, әдет-ғұрыптармен астасып жатты.

Адам баласыбойында әдептің қалыптасуы мен дамуы үшін білімге ұмтылуы керек. Тек білімге ұмтылған адамның ғана көзі ашық, көкірегі ояу болады. Надан адамның бойына әдеп дарымайды, тек білімді азамат қана өз бойында адамдық қасиеттерді дамыта алады. Абай он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» - деп жастарды өз қоғамын көркейтуге шақырады [7,51]. Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ әдеп жүйесін тереңінен түсінуге мүмкіндік беретін еңбектердің бірі деп айтуға болады. Өйткені, Абай адамгершілік, әділдік, адалдық секілді қасиеттерді жоғары ізгілік ретінде қарастырады. Абайдың бұл ойлары бүгінгі күні де өзекті болып, шынайы әдептілік тек сыртқы әдеп емес, өзіңе де, өзгеге де ішкі терең құрмет екенін көрсетеді.

«Қазақтардың бойындағы әдеп - ол біздің жанымыздың айнасы, біздің салт-дәстүріміз бен адамгершілік қасиетіміздің көрінісі» - деп Тұрсынбек Кәкішев ұлттық сананы нығайтудағы дәстүрлі қазақ этикасының рөліне аса назар аударады. Сонымен қатар, Тұрсынбек Кәкішев өзінің еңбектерінде сөйлеу әдебіне көп мән берген: «Сөйлеу әдебі - әдептің құрылымдық аспектісі. Қазақтың дәстүрінде сөз әрдайым жоғарғы орындарды иеленген» - дей келе, ғалым сөз әдебін өте жоғары тұтқан [8,64].

Қазақтардың әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшелігін зерттеген, қазақтың қоғамдық өмірі мен әдебі туралы қызықты пікірлерді өзінің еңбегінде қамтыған келесі ғалым Василий Радлов. Ол қазақ мәдениетінің сан алуан аспектілері, соның ішінде адамдардың қоғамда өзін қалай ұстайтыны, басқалармен қарым-қатынасы туралы жазған. «Қазақ ауылдарына келген бейтаныс адамдардың әлеуметтік жағдайына қарамастан жылы шыраймен қарсы алады. Қонақжайлық олардың әлеуметтік өмірінің маңызды элементі болды және құрметті жұмыс болып саналды. Бұл тек тамақ пен сумен қамтамасыз етуден ғана емес, қонақтардың демалуына қолайлы жағдай жасаудан да көрінді» - деп Василий Радлов қазақтардың қонақжайлығымен танымал екенін атап өтті [9,135].

З.Ахметова «қазіргі қоғамда отбасының құрылымы мен рөлі өзгеріп, кейбір дәстүрлер тек символикалық түрде сақталып, жаңа әлеуметтік жағдайлар мен қажеттіліктерге бейімделуде» - деп сипаттайды [10,54].

Теориялық талдау

Қазақ қоғамында бір-біріне деген қамқорлық пен сыйластық, адамгершілік қасиет пен ар-намыс, әділдік, қонақжайлық, үлкенге деген құрмет өте маңызды. Біздің әдеп

жүйеміз осы секілді ұстанымдар мен құндылықтардың арқасында ерекше деп ауыз толтырып айта аламыз. Бұл ұстанымдар адамның жасына, мәртебесі немесе лауазымына, әлеуметтік деңгейіне қарамастан барлығына ортақ болып табылады. Себебі, қоғамда тыныштық пен үйлесімділікті сақтау ең қарапайым деген қасиеттерден, әдеттерден бастау алады. Оған дәлел ретінде, дәстүрлі қазақ отбасын немесе тәрбиелік мәні бар еңбектерді үлгі ретінде алуға болады. Бұл жүйе қоғамды қалыпты дамытуды көздеп қана қоймайды, сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның өзіне жүктелген міндеттерін, жауапкершілігін орындауын талап етеді. Сәйкесінше, бұл халықтың рухани және адамгершілік тұрғыда дамуына септігін тигізеді.

Қазақ халқының ұлттық философиясына сәйкес, әдеп жүйесі адамның өзіне деген қарым-қатынасын, яғни құрметін қалыптастырады. Әдеп жүйесін өмірде пайдалану, әдептілікті кез келген ортада сақтау - ең алдымен өзіне деген сыйластықты білдіреді, бұл өз жүрегіңді тазарту, орнынды табу деген сөз. Сондай-ақ, айналамыздағы адамдарға да лайықты түрде құрмет көрсетуді көздейді. Әрбір адам әдеп жүйесін дұрыс қолдана алса, өзі өмір сүріп жатқан қоғамның дамуына өз үлесін қосады.

Қазіргі таңда әдеп жүйесі біршама өзгерістерге ұшыраса да, оның негізі, түптамыры тұрақты болып қала бермек. Мәселен, қалалық жерлерде жаһандану үрдістерінің әсерінен кейде әдеп жүйелері сақталмай жатады, ал ауылдық мекендерде дәстүрлі түрде жалғасын тауып отыр десек қателеспейміз. Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшеліктерін зерттеу қоғам үшін маңызды. Себебі, бұл жүйенің мәні туралы дұрыс түсінік қалыптастыру керек. Әсіресе, қоғамдағы жастарға ертеден келе жатқан әдеп нормаларын үйрету өте маңызды. Қазақ халқының қаншама ғасырлар бойы сақталып келе жатқан әдеп жүйесі қазақтардың мәдениетін сақтауда ерекше рөл атқарады.

Қазақ әдеп жүйесі - қазақ қоғамындағы адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын қалыптастыратын моральдық нормалар мен құндылықтардың жиынтығы. Адамның әлеуметтік ортасы, яғни оның ата-анасы, жақындары немесе білім алып жатқан мекеме, діни ұйымдар қоғамдағы әдеп нормаларының таралуы мен дамуына әсер етеді. Бұл жүйе ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, рухани құндылықтарға негізделіп жасалынған. Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасын жан-жақты зерттеу үшін бірнеше әдістерді пайдалануға болады. Бұл әдістер қазақ әдеп жүйесінің қалай қалыптасқанын, оның қалай жұмыс істейтінін және жаһандану үрдісінің әсерінен қандай өзгерістер болып жатқанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасын тереңірек ұғыну үшін оның негізгі сипаттамаларына, жалпы ерекшеліктеріне тоқталған жөн. Қонақжайлық - қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің бірі. Қазақтар қонақ күтуді қасиетті парыз деп санаған. Олар қонаққа құрметпен қарап, үй иесінің тұрмыс жағдайына қарамастан, ең жақсы асты қонақтың алдына ұсынады. Қонақты құрметпен қарсы алып, төрдегі орынға отырғызады. Дәстүр бойынша, келген адам өзі тұрақтаған үйде үш күн қалуына болатын, үй иелері үшін қонақтың қандай мақсатпен келгенін сұрау ұят саналған.

Сәлемдесуге тоқталар болсақ, бұл қарым-қатынастың маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ бір-бірімен сәлемдескен сәтте өзінің жанашырлығын, сыйластығын, яғни жақсы ниетте екенін білдіреді. Демек, сәлемдесу арқылы адамның ішкі мәдениетін, оның айналасына деген қарым-қатынасын ұғына аламыз. Сәлемдесу қарым-қатынаста басты рөл атқарады. Ер адамдар кездескен кезде әрқашан қол алысатын. Жастар үлкендерге құрметпен сәлем беріп, әйелдер бас иетін болған. Қоштасуда да, жол болсын немесе сапарыңыз сәтті болсын деген секілді жақсы тілектер айтылады.

Дастархан қонақжайлықтың, құрмет пен береке, молшылықтың символы бола отырып, қазақ әдеп жүйесінде негізгі орын алады. Бұл жай ғана тамақ ішетін орын емес,

қазақ халқының негізгі құндылықтарын білдіретін мәдени және рухани орталық. Асты ең алдымен үлкендер іше бастайды, жасы кішілер қонақтарға құрмет көрсетеді. Дастарханнан үлкендерден бұрын тұру әдепке жатпайды. Ақсақалдар дастархан басына бірінші болып отырады, отбасылық немесе қоғамдық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Қазақ әдеп жүйесіндегі қазіргі өзгерістер жаһандану, урбанизация, технологиялық прогрестің ықпалын, сондай-ақ дәстүрлі нормалардың қазіргі өмірге бейімделуін көрсетеді. Өзгерістерге қарамастан, қазақ әдебінің көптеген қағидалары сақталады, бірақ жаңа үлгілерді де қамтиды.

Ең алдымен, урбанизацияның қалай әсер еткенін қарастырайық. Урбанизация қазақ қоғамындағы дәстүрлі отбасының өмір-салтын өзгертті. Қоғам дами түскен сайын, барлық адамдар үлкен қалаларға қоныс аудара бастады, солайша қоғамдық тәртіп өзгерді. Ауылдық жерлерде отбасында қалыптасқан әдеп нормалары қалалық мекендерде басқа түрге ене бастады. Қоғамда жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі ауылдағыдай емес, себебі оларда жаңа көзқарас қалыптасып, тәуелсіз бола бастады. Жоғарыда айтылған қонақжайлық ресми сипатқа ие болды, яғни бұрын қонақтар алдын-ала ескертусіз келетін болса, қазіргі күні міндетті түрде екі жақпен келісіп қонақтың шақырылуы бізге мәлім дүние.

Жаһандану заманы болғандықтан, интернет пен әлеуметтік желілердің көбеюі біздің қарым-қатынасымызды өзгертті. Сәлемдесу, бір-бірімізді маңызды қуанышымызбен құттықтау секілді дәстүрлі әдептеріміз бүгінгі күні электронды форматқа көшті. Жастар бейресми сөздерді немесе қысқартылған фразаларды күнделікті, жиі қолданады. Қазір әлеуметтік желілердегі әдеп жүйесінің рөлі маңызды бола бастады. Қазақ тілін бұрмалап, әңгімеге орыс не болмаса ағылшын сөздерін араластыра сөйлеу қалыпты іске айналды.

Оған қоса, урбанизацияның әсерінен отбасындағы құрылымдар, мәселен әйелдердің қоғамдағы рөлі өзгерді. Бұрын отбасында билік пен басымдық ер адамның қолында болғаны белгілі, ал әйел адамдар бағынышты рөлде болған еді. Ал қазіргі қоғамда әйелдер мен еркектердің құқығы тең жүреді. Бұл сәйкесінше, әдеп жүйесінің парадигмасына өзгерістер алып келді.

Қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің өзгеруі мінез-құлық нормаларына әсер етті. Әйелдердің қоғамдық өмірдегі белсенділігі арта түсті, бұл отбасылық міндеттердің ауыртпалығын азайтты. Жас ұрпақтар бұл теңдікке оң көзқараспен қарайды. Ата-анадан бөлек шығу, тәуелсіз өмір сүруге ұмтылыс секілді іс-әрекеттер оның айқын көрінісі болып табылады. Мұның барлығы мәдениетаралық байланыстардың әсерінен қалыптасты. Өртүрлі этникалық топтармен қарым-қатынас жасау барысында қазақтардың әдеп жүйесіне деген көзқарасы өзгере бастады. Мәселен, батыс қоғамында жеке шекара немесе жеке тұлғаның еркіндігіне аса көңіл аударылады. Оған қоса, еліміздегі түрлі мейрамдардың пайда болуына да әсер етті. Шет елдің, Батыс пен Шығыстың мәдениетіне еліктеудің салдарынан қазақ қоғамындағы салт-дәстүрлер жастар арасында біртіндеп ұмытылып бара жатыр. Әрине, ежелден сақталған әдеп жүйелері тамырымен жоғалды деп айту қате, дегенмен өзгерістердің енгені анық. Дәстүріміздің заман ағынына қарай бейімделгені рас. Бүгінгі таңда, жастардың арасында әдет-ғұрып дерлік сақтала бермейді. Қуанышына ортақтасу үшін дүбірлі той өткізбейді, заманауи үлгіде тек жақындарын шақырып тойлағанды құптайды немесе тағы сол сияқты.

Дегенмен, біздің әдеп жүйеміз, салт-дәстүрлеріміз түгелдей өзгеріп кеткен жоқ. Қазіргі кезде жаһандану үрдісі әдеп жүйесіне өзгерістер енгізсе де, олардың құндылықтарының сақталып қалғандығы жөнінде С.Қанапияұлы «этикет нысандары қазіргі заманғы қалалық мәдениет пен дәстүрлі ауыл өмірінің өзара іс-қимылы нәтижесінде өзгерістерге ұшырағанына қарамастан, оның өзегі - қонақжайлық, үлкендерге құрмет, бауырластық құндылықтары ажырамас негіз ретінде сақталады» - деп тұжырымдайды [11,112]. Себебі, қазақтың әдеп жүйесі әрбір отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Үлкен кісілер неғұрлым жастарды әдеп нормаларын сақтауға үйрететін болса, қазақ халқының

ұлттық құндылығы жоғалмайды. Қонаққа сый көрсету, туыстық қарым-қатынас, рухани құндылықтарымыз әлі де сақталып келе жатыр. Қазақтың ертеден жалғасып келе жатқан әдеп нормалары әлеуметтік, отбасылық және күнделікті өмірдің барлық тұстарын реттеп, адамзат, табиғат және қоғам арасындағы қарым-қатынаста үйлесімділікті қамтамасызетті. Ал өзге мәдениеттерден біз тек ең үздік деген үлгілерді, тәжірибелерді өзімізге алуымыз қажет.

Қорытынды

Ғасырлар бойғы дәстүрлер негізінде қалыптасқан қазақ халқының әдеп нормалары қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени санасының маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. Сыйластық, қонақжайлық, үлкендерді құрметтеу, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан түрлі салт-дәстүрлер, өзара көмек көрсету, сенім білдіру секілді құндылықтар қазақ әдеп жүйесінің ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар, адам мен қоғамның арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Қазақ халқының әдеп нормаларын күнделікті өмірде ғана емес, мақал-мәтелдерден, әртүрлі әңгімелерден де кездестіруге болады. Жалпы, қазақ халқы әрқашан да жылы жүзді, ақкөңіл келеді. Өзінің ізгі тілектерімен және жақсы ниетімен ерекшеленіп тұрады. Адам қоғамда қалыптасқан әдеп жүйесін сақтау арқылы өзіне ғана емес айналасына да құрметпен қарайтын болады. Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшелігі жоғарыда айтылған барлық әдеп нормаларын, құндылықтарды жоғары бағалаумен байланысты.

Қазақ халқында қонақжайлық ерекше мәнге ие, ол қарым-қатынаста ынтымақтастық орнатып, оны берік етуде өте маңызды орын алады. Бұл тек адамдарды қарсы алуды ғана білдірмейді, қонақ күту екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Қонақ келгенде дәстүрімізбен таныстыру, сыйластық танытып, жоғары деңгейде қызмет көрсету қажет. Біз өзіміздің сөйлеу мәнеріміз, көрсеткен сый-құрметіміздің нәтижесінде мәдениетімізден хабар береміз. Сондай-ақ, жасы үлкенге құрмет пен ізгілік таныту қазақ халқының ең басты қағидаларының бірі, себебі үлкендер қоғамда дұрыс әрі түзу жол сілтеуші, бағыт-бағдар берушілер, олардың орны әрқашан жоғары.

Заман ағынына орай, біршама дәстүрлердің және әдеп нормаларының сынақтарға тап болғаны рас. Урбанизацияның және технологияның қарқынды дамуы дәстүрлі құндылықтарға өзгеріс енгізе бастады. Урбанизацияның ықпалынан қаладағы және ауылдағы дәстүрлерде айырмашылықтар байқалады. Ауылдық мекендерде салт-дәстүр баяғыша сақталса, қала өмірінде адамдардың әртүрлі мәдениеттермен қарым-қатынас орнатуының әсерінен дәстүрлер жаңа жағдайға бейімделді. Солайша, қазақ қоғамының әдеп жүйесі өзге мәдениеттермен үйлесім таба отырып, адамгершілік, әдеп, құрмет секілді құндылықтарды сақтап келеді және болашақ буынға әдеп жүйесінің ерекшелігін айта отырып, оны жеткізу кез келген қазақ отбасының, адамзаттың негізгі міндеті. Қазақ әдеп жүйесінің парадигмасының ерекшеліктерін жан-жақты қарастыра отырып, сонымен қатар қазіргі уақыт талабына орай «Қазақ философиясы» және «Философия» пәнәндеріне оқу процесіне егізуге ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Записки о киргизах. Историческое описание киргизов. Алматы. Ғылым, 1984. 252 б.
2. Сейдімбек А.С. Этикет в казахской культуре. Алматы. 2017. 240 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы. 1974. 320 б.
4. Кошербаев Г. Қазақ мәдениеті мен дәстүрлері: Этикет күнделікті өмірде. Алматы. 2010. 320 б.
5. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Санкт-Петербург. 1883. 340 б.
6. Қондыбай С.Қ. Қазақ философиясы (Казахская философия). Алматы. 2003. 320 б.

7. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. Алматы. 2002. 148 б.
8. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы [Электрондық ресурс]. Астана. 2013. 400 б.
9. Радлов, В.В. Поездка по Киргизии (Казахстану). Санкт-Петербург. 1869. 230 б.
10. Ахметова, З. Этикет в казахской семье. Алматы. 2011. 240 б.
11. Қанапияұлы, С. Социальная структура казахского общества и особенности этикета. Алматы. 2012. 254 б.
12. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық, 12 том. Астана, 2007. 495 б.
13. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық, 8 том. Астана, 2007. 292 б.

References liste:

1. Ualikanov SH. Zametki o kirgizakh. Istoricheskoye opisaniye kirgizov. Almaty. 1984. 252 s.
2. Seydimbek A.S. Étiket v kazahskoy kulture. Almatı. 2017. 240 b.
3. Al-Farabi. Aleumettik-étikalıq traktattar. Almatı. 1974. 320 b.
4. Kosherbaev G. Qazaq madenieti men dasturleri: Étiket kundelikti omirde. Almatı. 2010. 320 b.
5. Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoy Mongolii. Sankt-Peterburg. Imperatorskaya Akademiya nauk, 1883. 340 s.
6. Qondıbay, S.Q. Qazaq filosofiyası (Kazahskaya filosofiya). Almatı. 2003. 320 b.
7. Abay Qunanbayulı. Qara sozder. Almatı. 2002. 148 bet.
8. Kakishev, T. Qazaq adebieti sinınıń tarihi [Élektrondıq resurs]. Astana: Foliant, 2013. 400 bet.
9. Radlov, V.V. Poyezd v Kyrgyzstane (Kazakhstane). Sankt-Peterburg. Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk, 1869. 230 s.
10. Akhmetova Z. Etiket v kazahskoy sem'ye. Almaty. Kazakhskiy universitet, 2011. 240 s.
11. Qanapiyaulı, S. Socialnaya struktura kazahskogo obshchestva i osobennosti étiketa. Almatı. Qazaq universiteti, 2012. 254 b.
12. Qazaq halhınıń filosofılıq murası. 20 tomdıq, 12 tom. Astana, 2007. 495 b.
13. Qazaq halhınıń filosofılıq murası. 20 tomdıq, 8 tom. Astana, 2007. 292 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Спанов Мейірхан Жантаевич** – философия ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, +7 778 359 43 41, meir_filosof27@mail.ru